

Ер есімі – ел есінде

Наурыз айының алғашқы күнінде ҚР ІІМ Қостанай академиясының спорт кешенінде Қазақ КСР ішкі істер министрі, генерал – лейтенанты Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевты еске алуға арналған самбо күресінен ерлер және әйелдер арасында ашық чемпионат өтті.

Бұл спорттық мереке Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің бұйрығымен ҚР ІІМ Қостанай академиясына атақты қайраткер, Қазақ КСР ІІМ бірінші министрі Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың есімі берілгеніне арналған тұңғыш спорттық іс-шара.

Жарыстың сыйлы қонақтары ретінде ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушысы, самбо күресінен КСРО спорт шебері Аубакиров Бисенбай Байсағызұлы, самбо күресінен ХДТ, ҚР спорт шебері Төлепов Меймамбек Абдуқадырұлы салтанатты ашылуына қатысты.

Жарысқа 20 командадан 169 спортшы, Қостанай облысының жоғары оқу орындары, аудандары, спорт клубтары және құқық қорғау органдарының өкілдері байрақты бәсекеде боз кілемде белдесті.

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция полковнигі М.А.Қызыловтың қолдауымен өткен чемпионат тартысты өтті.

Жарыстың бас төрешісі: ЖЖДД кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры ҰДТ, самбо күресінен ҚР спорт шебері Р.Таңқыбаев, бас хатшы; ЖЖДД кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны, 1ДТ, самбо күресінен ҚР спорт шебері Е.Қабидуллинов, төрешілер: ЖЖДД кафедрасының аға оқытушылары, Ұлттық дәрежедегі төрешілер, полиция полковнигі А.Ақылбеков, полиция подполковнигі Б.Өтенов болды.

Жарыстың нәтижесі бойынша жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталды.

Ержан Кабидуллинов
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы жауынгерлік және
дене дайындығы кафедрасының оқытушысы
полиция капитаны